**АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ ЖӘНЕ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА И РЕШЕНИЕ МАСЛИХАТА ГОРОДА АСТАНЫ**

2018 жылғы 26 қазан № 06-354
Астана қаласы

2018 жылғы 27 қазан № 235/28-VI
город Астана

**«Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласында «Байқоңыр» ауданын құру туралы» бірлескен Астана қаласы әкімдігінің қаулысы және Астана қаласы мәслихатының шешімі**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңы 13-бабының 3-тармағына сәйкес, «Астана қаласының шекарасын өзгерту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 6 ақпандағы № 418 Жарлығы негізінде, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласында әкімшілік-аумақтық бірлік – «Байқоңыр» ауданы құрылсын.
2. «Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы аудандарының шекараларын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізілсін.
3. Осы бірлескен Астана қаласы әкімдігі қаулысының және Астана қаласы мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары А.К. Әмрингe және Астана қаласы мәслихатының Құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы С.Е. Жүнісовке жүктелсін.
4. Осы бірлескен Астана қаласы әкімдігінің қаулысы және Астана қаласы мәслихатының шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Астана қаласының әкімі**

**__________ Ә. Исекешев**

**2018 жылғы «___» __________**

**Астана қаласы мәслихаты сессиясының төрайымы**

**__________ Р. Өмірбаева**

**2018 жылғы «___» __________**

**Астана қаласы мәслихатының хатшысы**

**__________ Ж. Нұрпейісов**

**2018 жылғы «___» __________**

000513